


ТЕАТРТАНУҒА КІРІСПЕ

Театр тарихнамасы





Кітап: Театртануға кіріспе

Дәріс: Театр тарихнамасы

Қазіргі заманауи еуропалық театртану негізін қалаушы Макс Германн өзінің «Орта ғасырдағы және Қайта өрлеу дәуіріндегі неміс театрының тарихы» атты танымал еңбегінде театртанудың басты міндеті өткен спектакльдерді қайта қалпына келтіру болуы тиіс деген тұжырымға келеді.

Дереккөздер және қайта қалпына келтіру

Театр тарихын «қайта қалпына келтіру» деп аталатын әдіс аясында қарастырудың теориялық және жүйелі тәсілін ең бірінші ұсынған М.Германн болды. Германн театр тарихшысы қолына мол дереккөздерін жинақтай отырып, театр ғимараттары мен өткен дәуірлердің қойылымдарын қайта қалпына келтіру арқылы қазіргі көрерменге бастапқы түрде қайта жандандыруға мүмкіндік береді деп есептеді.

Неміс театртанушысы Дитрих Штайнбек Германнның идеяларын дамыта отырып, дереккөздерді «тікелей» (театрмен тікелей байланысты) және «жанама» (қойылымды сипаттайтын) деп екіге бөлуді ұсынды.

Тікелей дереккөздер:

Объективті:

Театр ғимараттары

Орындаушылық кеңістік

Сахна

Сахналық машинерия

Сахнаны безендіру элементтері

Костюмдер

Реквизиттер

Маскалар

Пьесаның қойылымдық данасы

Рольдер мәтіні

Пьесаның қойылымдық данасының режиссерлік көшірмесі

Режиссердің көмекшісінің көшірмесі

Сценография үлгілері

Техникалық суреттер

Келісім-шарттар, бухгалтерлік құжаттар

Театр афишалары

Қойылым фотоматериалдары

Кино және бейнежазбалар

Қойылым жоспары (сценограф сызбалары)

Сценографияның элементтері мен костюмдері

Жанама көздер:

Режиссерлік экспликация

Спектакль туралы есептер

Спектакльдегі актерлердің сипаттамасы

Хаттамалар

Жылнамалар

Альманахтар

Театр рецензиялары

Театр газеттері мен журналдар

Хаттар

Күнделіктер мен мемуарлар

Өмірбаяндар

Анекдоттар

Театр романдары

Памфлеттер

Теориялық еңбектер

Театр бағдарламалары

Бейнелеу өнеріндегі суреттер (театр иконографиясы)

Сұхбаттар



Кітап: Театртануға кіріспе

Дәріс: Театр тарихнамасы

Пьесаның сценарийі мен мәтіні
Музыка (фортепиано және оркестрлік партитура)
Ноталық жазбасы бар хореография

Штайнбек сондай-ақ «объективті тіл» және «мета-тілді» бөледі. Объективті тіл тек фактілерді қамтиды. Мета-түсіндірмелері бар дереккөздер, әрқашан сипаттау объектісінен бір қадамға қашық болады және, әдетте, онда талқылау немесе талдау элементтері бар болады.

Қазіргі уақытта шетелдік университеттерде өткен дәуірлердің театр қойылымдарын қайта қалпына келтіру үшін 3D-графика белсенді қолданылады. Ең танымал жобалар арасында – Джорджия университетінің Театрон Проект, The Virtual Vaudeville Project. (3е Вирутал проект) бөле жара айтуға болады.

Деректану және спектакльді қайта қалпына келтіру

Театр өнері туралы ғылым фактілері әртүрлі. Әдебиетші, музыкатанушы, бейнелеу өнері мамандарының зерттеуші интерпретациялай алатын белгілі бір ұйымдастырылған белгілер жүйесі бар көркем мәтіні болады. Театртанушыда бұл жоқ. Ал театрдың тарихшысы, одан да аз мөлшерде театр теоретигі театр оқиғасымен жүздесу мүмкіндігі жоқ, оған тек спектакльдің қайталанбас оқиғасының, актер ойынының, көрермен залының елесі ғана қол жетімді.

Бұл көріністер, яғни әр түрлі деректер туралы дереккөздер театртанушының жұмыс істейтін материал болып табылады. Оларды ешкім арнайы даярлап отырмайды, оларды анықтау және тану керек.

Театртанудың ғылым ретінде ерекшелігі, бұл ғылымның жетістіктері мен сәтсіздіктері көп жағдайда оның дереккөздермен жұмыс істеу қабілеттілігімен анықталады. Сондықтан театртану үшін дереккөздері туралы ғылым, яғни деректанудың алар орны маңызды.

Деректану деп театр туралы ғылымдағы, яғни театртанудың қосымша пәнін айтады. Ол театр тарихы, театр теориясы мен театр сынының дереккөздерін, сондай-ақ оларды анықтау, жүйелеу, пайдалану және безендіру тәсілдерін зерттейді.

«Дерек» термині жалпы ақпарат көзі ретінде кенінен түсіндіріледі. Театр тарихшысы үшін бір кездері спектакль барысында жұмыс жасаған және бұл туралы сұхбаттарында еске алатын актердің, режиссердің, сценографтың естелігі де бастау көзі болуы мүмкін. Режиссерлік ойды талдайтын және қазіргі заманғы сахналық шығарманың көркемдік материалын рецензияда сипаттауға даярланған театр сыншысы үшін – бұл жағдай таптырмайтын театртанушылық дереккөз. Екінші жағынан, ғылым үшін маңызды ойлар мен дереккөздерді қамтитын кітаптар да бар.

Ғылыми практикада, бірінші кезекте тарихи-театрлық аяда, деректің дефинициясын қатаң мағынада түсіндіруді жөн көреді: дерек туралы айтқанда, көбінесе «деректің декертілігін», ал бұл ұғым кез келген материалдық тасығышта негізделген ақпарат ретінде анықталады.

Театр болмысының қандай да бір құбылысын қайта қалпына келтіре отырып, театртанушы дәуірге терең бойлау енуі керек, тек нақты деректерді ғана емес, сонымен қатар рухани, эстетикалық, кейде оның техникалық көрсеткіштерінің егжей-тегжейіне дейін білетіндігін көрсетуі керек. Сондықтан кез келген тарихи тақырыптағы ізденіс әр түрлі анықтамалық әдебиеттерді зерттеуден басталады.

Жалпы және салалық энциклопедияларда, өмірбаяндық және библиографиялық сөздіктерде, жалпы және дербес библиографиялық көрсеткіштерде, театр қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы жылнамаларында қамтылған мәліметтер жалпы түрде қандай да бір театр құбылысының контурын ұсынуға ғана емес, оның зерттелу дәрежесін бағалауға, арнайы әдебиетте, мұражайларда және мұрағат қоймаларында дереккөздерді одан әрі іздеу жолдарын белгілеуге және анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуші анықтамалықтардағы мәліметтерді міндетті түрде тексеріп қана қоймай, сонымен қатар әр түрлі дереккөздерде келтірілген фактілерді салыстырып, олардың сенімділігі мен дәлдігін талдауды жүзеге асыруды ереже ретінде басшылыққа алғаны жөн.

Спектакльді қайта қалпына келтіру.

Өткен кезеңнің театрлық құбылысы (театрдың тарихшысы көбінесе өткен кезеңдегі спектакльдерімен айналысады) мәңгілік келмеске кеткен, сондықтан оны емес, оның қайта қалпына келтірілген нұсқасын түсіну керек.

«Қайта қалпына келтіру» ұғымы мұнда бейнелі, «метафоралық» емес, керісінше тура мағынасында



қолданылады. Тарихшы үшін деректерде көрініс тапқан театрлық құбылыстың фактілерінің саны шын театрда ойналғандағыдан әрқашанда аз болады, сондықтан ол өз қиялымен әрдайым жетіспейтін тұстарды көркем қиялымен толықтырып отырады. Сыншының алған әсерлері тәтпіштеп жазылған болса да қайта қалпына келтіруге сыйғызғанына қарағанда әлде қайда да көп. Сыншы спектакльді «толықтай» қайта қалпына келтіру мүмкін емес екенін біледі, сондықтан кездейсоқ немесе басқаларға қарағанда қажеттілігі аз болып көрінетін бөлшектерді қасқартуға мәжбүр болады.

Театрлық-сыни қайта қалпына келтіру арнайы жазылмауы мүмкін. Оны сыншы сахнада болған оқиғаны қайталап қалпына келтіруге бағытталған мәтіннің үзінділерінен анық байқалады. Тарихшы өз тұжырымдарында өзі жасаған спектакльді қайта қалпына келтіруіне сүйеніп қана қоймай, іс жүзінде өзіне өзі сілтеме де жасайды. Сондықтан да театрланушылық қызметтің бұл түрі туралы білімді жүйелеудегі басты еңбек тарихшыларға тиесілі екені кездейсоқ емес.

Тарихшылар театр құбылысын жаңғыртуға мүмкіндік беретін негізгі материалдар – бұл әдеби дереккөздер, куәліктер мен қойылым құжаттары, сондай-ақ әр түрлі иконография екенін анықтайды.

Солардың арасында бірінші болып әдеби түпнұсқалар: пьесалар немесе сценарийлер саналады. Бізге жеткен пьесалардың мәтіндері актерлер мен режиссерлер интерпретациясын әрекеттің сөздік тінін (интонация және пластика арқылы) ғана емес, сонымен қатар драматургпен берілген және спектакльде нақты көрсетілген әрекеттің кеңістіктік өлшемдерін елестетуге мүмкіндік береді.

Пьесаның мәтіні әр түрлі театрлық кезеңде театр ақпаратының сан алуан мөлшерін көрсетті. Бірінші кезекте зерттеушіге пьесаның әдеби мәтіні мен сахнаға қойылған мәтін арасында кейде айтарлықтай айырмашылық болатынын есте сақтаған жөн. Атап айтқанда, спектакль қойылған кезде идеологиялық, шығармашылық немесе ұйымдастырушылық көзқарастарға сәйкес енгізілетін қысқартулар мен түзетулер болуы мүмкін.

Пьесалар көп жағдайда нақты театр труппасының қызметімен тікелей байланыста жазылуы мүмкін, ал пьеса өзіндік әдеби шығарма түрінде басылымда пайда болғанға дейін спектакльдің театрлық сценарийі ретінде өмір сүрген әрі бізге рольдердің тізбегі ретінде жеткен.

Сахна төріне шығып, сахналық жағдайда ойналған мәтін баспаға шығарылғанда оның нақты сахналық көріністеріне тиесілі ерекшеліктерін сипаттайтын ремаркалармен толықтырылады. Мысалы, Шекспирдің пьесаларының мәтіндері рольдер мәтіндерінің редакциялық жиынтықтары болып, ремаркалар және басқа да қойылымдық уақ-түйектерді қамти отырып, Елизавета дәуіріндегі театр қойылымдарына тән типтік ерекшеліктерін көрсетеді.

Сол Шекспирдің пьесалары XVIII – XIX ғасырдың басында көркемдік координаттардың басқа жүйесіне түсіп, елеулі өзгерістерге түсті. Олар өзінің түпнұсқа түрінде емес, классицистік және романтикалық қайта өңдеулермен қойылды, Еуропада Дюси қайта өңдеулері өте кең таралған). Мысалы, «Комедия Франсез» кітапханасында оның танымал «Гамлетінің» кем дегенде үш нұсқасы бар.

Ірі театр жинақтарында (мысалы, Санкт-Петербург мемлекеттік театр кітапханасында, Мәскеудегі Малый театр кітапханасында, Париждегі «Комеди Франсез» кітапханасында) әр түрлі театр дәуірінің спектакльдерін сипаттайтын сахналық даналары бар. Бұл манускриптерді көре отырып, сахналық белгілеулердің сансыз көптігіне қарап, қойылымдық өнердің қалай өсіп-өркендегенін байқауға болады.

XIX-XX ғасырлардың тоғысында, «МКТ мизансценалары бойынша» спектакльдерді қою үрдісі Ресейге тарады, ал А.Маркс баспасында А. П. Чеховтың пьесаларын К.Станиславскийдің мизансценалармен жариялауға деген талпыныстар болған.

XX ғасырдың басынан бастап МКТ жеке спектакльдеріне арналған кітаптар мен альбомдар шыға бастады, К. С. Станиславскийдің режиссерлік данасы алғаш рет 1930-шы жылдары басылып шықты. 1980-1990 жылдары бұл дәстүрді К. С. Станиславский мен И. Немирович-Данченко мұрасын зерттеу және басып шығару жөніндегі ғылыми-зерттеу комиссиясы жалғастырды.

Сол Мәскеу көркем театры тағы бір маңызды дәстүрді енгізіп отыр. Дайындық процесі хаттамаланды, спектакль қоюшылардың орындаушылармен әңгімелері жазылды, болашақ спектакль ойының қалыптасуының әртүрлі кезеңдерін, режиссердің драматургпен, суретші және композитормен жұмысын көрсететін эпистолярлық материалдар жарияланды.

1920-шы жылдары Вс.Мейерхольд аясында профессор А. А. Гвоздевтің ықпалымен «спектакльдер жазбаларының» алғашқы зертханалық тәжірибелері пайда болды. Мейерхольд атындағы ұжымдағы «театр зертханасының» материалдары, аспиранттардың, сондай-ақ басқа да жас ғалымдар мен театр қайраткерлерінің жұмыстары көрсетіп отырғандай Мейерхольд театрының ғылыми маманы, кейіннен танымал режиссер және педагог Л. В. Варпаховский жасаған көптеген спектакльдердің сахналық



мәтіннің «ноталану» қазіргі уақыттың баға жетпес құжатына айналып отырғандығын айтады. Сахналық мәтіндерді жазудың дәстүрлері мен әдістемелері кейінгі жылдары қажетті мөлшерде дамымағанымен, театр практиктерінің шығармашылық мұрасын көрсететін кітаптар басып шығару, онда режиссерлік экспликациялар, хаттар, сөйлеулер мен әңгімелер, сондай – ақ дайындық хаттамалары мен жазбалары белсенді түрде жариялау тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.

Иконографиялық материалдар тобына декорациялар мен костюмдердің нобайларымен қатар театрдың жекелеген сәттерін бейнелейтін суреттер кіреді. Мұнда тағы да актерлердің өмірдегі және рольдерде ойнап түскен портреттері жатқызуға болады, олар кейде өздерінің көркем сапасына қарамастан, актердің ойынын немесе әрекеттің қандай да бір сәтінің бейнесін көрсетуге көмектеседі. Фотосуреттің дамуымен театр әрекетін дұрыс бекіту мүмкіндігі өлшеусіз өсті, сондықтан суреттер әлі күнге дейін бейнелеу материалдарының ең маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді. Спектакльді қайта жаңартудың маңызды дереккөздерінің бірі – театрлық рецензия. Алайда, бұл материалдарға сүйенгенде, олар сахналық шындықты әрдайым объективті түрде көрсетпейтінін ескеру қажет. Спектакльге деген сыншы көзқарасы оның эстетикалық талғамымен, белгілі бір әдеби-көркем ұстанымға қатыстылығымен, тіпті, рецензияға тапсырыс беріп отырған белгілі бір баспаның жалпы бағытымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан жарияланымның өзін ғана емес, рецензенттің тұлғасында терең және мұқият зерттеу маңызды. Егер сыни пікірдің авторы белгілі болса бұл ешқандай қиындық туғызбайды, алайда ол бүркеншек атты қолданатын болса, онда оны шешу мен анықтауда көптеген кедергілер болуы ықтимал.

Театрлық қайта қалпына келтіру барысында заттай куәліктер, мұражай раритеттерін зерттеу де міндетті болып табылады, онсыз бұрынғы театр әрекетінің шынайылығын елестету өте қиын. Ежелгі заманнан бері жеткен театр маскалары, костюмдері, бутафория элементтері мен реквизит элементтері көбінесе сахналық әрекеттің театр табиғатын түсінуде көп көмек береді.

Әрине, кез келген тарихи қайта қалпына келтіру кезінде театртанушылық талдауының маңызды бастауларының бірі әдеби куәліктер болып табылады. Мұнда арнайы және жалпы баспасөз материалдары, хат алмасулар, сондай-ақ замандастар мемуарлары маңызды орын алады. Әрине, бұл дереккөздер субъективті, өйткені олардың әрқайсысы осы авторға тән болған театр оқиғасына көзқарас береді.

Театрды зерттеудің келесі дереккөзі – режиссерлік жазбалар, пьеса алаңдарындағы жазбалар мен рольдер, репетициялардың стенограммалары, қатысушылар мен шығармашылық үдерістің куәгерлерінің күнделік жазбалары, мемуарлар болып табылады. Өзі үшін жүргізілетін режиссерлік экспликациялар мен актерлік күнделіктер режиссерлік ойды сахналық көрініспен салыстыруға, актердің шығармашылық үдерісін, режиссердің жолын түсінуге мүмкіндік береді. Репетициялық даярлық кезін бақылаушылардың күнделіктері мен мемуарлары, бір жағынан, әдісті түсінуге кілт болса, екінші жағынан – кәсіби (театртанушы немесе режиссер) өзінің сана-сезімі мен өмірі арқылы өткізетін бақылауларының көрінісі болып табылады. Мұндай жазбалардың мәтіні ғана емес, сонымен қатар олардың хронологиясы, театр фактісінің арасындағы дәнекерші болып табылатын автордың тұлғасы және театр сыншысы, зерттеуші-тарихшы, өзінің мәтнінде соңғы нәтиже – театр өнерінің туындысы да талдауы қажет.

Соңғы жылдары спектакль бейнетасымалдаушыларға объективті түрде жақсы сақталатындығы туралы пікір туындады. Бұл дұрыс емес. Егер камера спектакльді бір нүкте және жалпыма планмен түсірсе, онда режиссердің айтар ойы мен жалпы мизансценалық суреттер арқылы жеткізілетін идея бейнематериалды көрушілерге толыққанды жетпей қалады. Егер таспаға жазу бірнеше нүктеден жасалған болса, онда ірі пландар мен сахналық ауысулар жекелей түсіріліп, содан кейін құрастырылады, біз спектакльді монтаждау түрінде түсіндірумен бетпе-бет келеміз. Бейнетаспаға түсіріліп алынған театрлық көркем мәтінді объективті қабылдау ұстанымы мүмкін емес. Шын мәнінде, тек ғана сыншы, көрермен залында отырып, өзінің қабылдауының «кең бұрыштылығы» арқасында спектакльді толыққанды қабылдай алатындығы осы жерде тағы бір қайталаудың артықтығы жоқ.

Дегенмен, бейнежазбалар, радиожазбалар, фотографиялық материалдар театрды зерделеу үшін маңызды дереккөздер болып табылады. Техникалық қарқынды даму біртіндеп қойылымдық фототүсірілімін фотосуреттерден бастап, «синхронды» түсірілімге дейін алып келді. Сандық фотосурет сахнаның барлық өзгерістерімен секундтық түсіріліміне мүмкіндік береді және жиі фотоматериалдар бейне жазбаға қарағанда көбірек мәлімет беретіндігі байқалады.

Аудиожазбаларды пайдалана отырып, зерттеуші де спектакльді қағаз бетіне түсірудің «ұсынылған жағдайын» түзетіп отыруына тура келеді: спектакль жазылған уақыт және техникалық жабдықтау-студиялық жазбалар (микрофон алдындағы театр) спектакль барысынан әлдеқайда ерекшеленеді.

Сөз соңында, дереккөздерді безендіруге тоқталсақ. Кітапханаларда, мұрағаттарда, мұражайларда



Кітап: Театртануға кіріспе

Дәріс: Театр тарихнамасы

конспектілеп немесе олардан үзінді жасай отырып, ережелерге сәйкес мақалаға, кітаптарға немесе мұрағаттық құжаттардың толық библиографиялық сипаттамасын беруді үйрету қажет. Бұл болашақта уақытты үнемдейді және зерттеуді ресімдеуде мінсіз ғылыми аппарат жасауға көмектеседі.